



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

- халық санының азаюы;
 - әлеуметтік тұрақсыздықтардың өсуі.
3. Өмірлік маңызы бар инфрақұрылымдар мәселесі:
- инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың тозуы;
 - моноқалалардың аумағындағы экологиялық мәселелердің ушығуы.

Бір айта кетерлігі, моноқалалардың көпшілігінде жылу, су жүйелерінің және электр байланыс желілерінің тозығы жеткен.

Бұл мәселелердің барлығы әр аймақтағы моноқалаларды өз ерекшеліктері бойынша дамыту арқылы шешілуі тиіс. Көріп отырғанымыздай, моноқалалардан халықтың ірі қалаларға қарай көшуі тұрақты жұмыс орнының жоқтығынан, осыған байланысты әлеуметтік жағдайдың өршуінен болып отыр. Тіпті, тұрақты жұмыс жасап тұрған кәсіпорындары бар қалалардың өзінде де халықтың басқа жаққа қоныс аудару ағымы байқалады. Бұл, өз кезегінде, осы қалалардағы экологиялық жағдайдың нашарлауы мен жұмыс орындарының тозығы жетіп, бүгінгі күнгі талаптарға сай келмеуінен, сондай-ақ, шет аймақтардағы жалақының төмендігі мен уақытында төленбеуі мәселелерімен түсіндіріледі. Моноқалалардың жағдайын жақсарту үшін тек сол қаланың өзі емес, сонымен қатар, моноқалалар үшін негізгі мәдени және әлеуметтік орталық болып табылатын облыс орталықтары мен негізгі азық-түлік пен жұмыс күшінің көзі болып табылатын елді-мекендерді де дамыту қажет. Әсіресе, соңғыларының даму болашағы ешқандай бағдарламамен толыққанды қарастырылмаған. Сондықтан да, моноқалалардың маңындағы елді-мекендерді осы қалалармен бірге дамыту кешенді бағдарламаға қосылса, еліміздегі өндірістік күштерді тиімді шоғырландыру көптеген түйткілді мәселелердің шешімін табуы сөзсіз болар еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ауезова З.Т. Нарықтық экономика жағдайында қалалық қоныстанудың өзгеру ерекшелігі // Изденіс, 2010. № 3(2). – 105-108б.
2. Бопиева Ж.К. Планирование пространственного развития в Республике Казахстан. – www.aef.kz
3. Э.Тоффлер. Третья Волна. - ООО «Фирма «Издательство АСТ» - Москва – 2013.
4. Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. – ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі. - Астана, 2012

УДК 911.2

«ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ» ПӘНІ КУРСЫНДАҒЫ КІРІКТІРІЛГЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША САБАҚ ЖҮРГІЗУ ҮЛГІСІ

Садыкова Айгуль

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті
Ғылыми жетекші – Тенькебаева Ж.Ф.

Қазақстандық білім жүйесінде жаңашылдықтар кеңінен бастау алып жатыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде үлкен өзгерістер сатылы түрде енгізілуде. Ол үшін жалпы білім беру саласындағы басты өзгерістердің бірі мектептерге жаңа оқыту бағдарламасымен оқыту жаңашылдық болды.

Біз мектепе оқыған орта мектептің бағдарламасы Материктер мен мұхиттар

географиясы курсы 7 сынып, Қазақстанның физикалық географиясы 8 сынып, Қазақстан экономикалық және әлеуметтік географиясы 9 сынып, Дүниежүзі экономикалық және әлеуметтік географиясы 10 сынып оқу бағдарламалары әр уақыт кезеңіне қарай өз күшін жояды. Оның орнына негізгі мектеп 6-10 сыныптарға «Кіріктірілген білім беру» бағдарламасы енгізіледі. Бұл бағдарлама 12 жылдық білім беруге көшу сатысында жалпы білім беру мектептерінде енгізіледі. 2017-2018 оқу жылында «Кіріктірілген білім беру» бағдарламасы 5-7 сыныптарға оқытылады, 2018-2019 оқу жылында 6-8 сынып оқушылары оқиды [1].

Негізгі мектеп (6-10 сыныптар) үшін жаңа география бағдарламасы оқушыларға географиялық білім мен ресурстар саласындағы дағдыларын дамытуға, физикалық география (литосфера, атмосфера, гидросфера, биосфера), дүние жүзі мемлекеттерінің экономикалық және әлеуметтік географиясы, дүние жүзінің саяси картасы, халықтар және дүние жүзі экономикасы туралы меңгеруге мүмкіндік береді. География оқушыларға сондай-ақ мәліметтер мен ақпараттарды түсіну және қолдануға мүмкіндік береді.

«География» пәнінен «Кіріктірілген білім беру» бағдарламасы мазмұнында қамтылатын басты бағыттар: үш тілдік саясатты география пәнінде жүзеге асыру, географиядағы педагогикалық тәсілдер, зерттеудің әмбебап мақсаттарын қолдану, географияда сандық технологияларды қолдану, географияда коммуникативтік дағдыларды дамыту, бағалау тәсілдері.

Оқу бағдарламасына сәйкес әр сыныпқа арналған сағат саны:

Сынып	Апталық жүктеме	Жылдық жүктеме
6 сынып	2 сағат	68 сағат
7 сынып	2 сағат	68 сағат
8 сынып	2 сағат	68 сағат
9 сынып	2 сағат	68 сағат
10 сынып	2 сағат	68 сағат

«Географияны оқыту әдістемесі» пәні курсына біз ескі және жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, мазмұнын және мақсаттарын біліп түсінумен қатар, жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана білуді меңгеру үшін жұмыс жасадық.

Бұл бағдарламаның ерекшелігі 7 сынып географияның «Зерттеу және зерттеушілер» әмбебап әдістерді ір тақырыпта қолдануы. Жалпы бағдарламада берілген зерттеу әдістері: географияның зерттеу нысандарын атау; саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттау, баға беру; географиялық дерек көздерімен жұмыс істеу (карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар); географиялық далалық зерттеу әдістерін қолдану, көрсеткіштерді тіркеу, өңдеу әдістерін әр сабақта тақырып ауқымына сай қолдануымыз қажет.

Кіріктірілген білім беру бағдарламаларды жүзеге асыруда география пәні сабақтарында белсенді және интерактивті оқыту әдістері кеңінен қолдандық. Осы әдістер арқылы оқушылармен жаттықтыратын ойындар, топпен жұмыс, күрделі пікір талас жүргізу, топпен жұмыс жасауға арналған тапсырмалар құрастыру тартымды әрі қызықты процес. Жаңа бағдарламаға сәйкес дамытылатын дағдылар:

- ▶ сын тұрғысынан ойлау;
- ▶ білімдерді шығармашылықпен пайдалана білу;
- ▶ зерттеушілік дағдылары;
- ▶ АКТ дағдылары;
- ▶ топта және жеке жұмыс істей білу;
- ▶ коммуникациялық дағдылар (тілдік дағдыларды қосқанда);
- ▶ міндеттер мен мәселелерді шеше білу [2].

Сабақ барысында атқарылатын үрдістер: Белсенді сұрақ-жауапқа негізделген меңгеру және оқушы зерттеулерін ынталандыру, оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту, барлық сынып, жеке және жұптық жаттығулардың араласуын қолдану.

Оқушыларды келесілерге үйрету үшін сыныпта топтық жұмыстарды ұйымдастыру:

- Сәйкесінше тапсырмаларды тәуелсіз бөлу және бөлінген тапсырмаларды жауапты орындау арқылы өздері арасында жұмысты бөлу
- Топтық жаттығуларда топ басшы немесе орындаушы болу, яғни топтық жұмысты үйрету
- Бір-бірімен қарым-қатынаста болу, жақсы жұмыс қатынасын орнату және сақтау
- Өздерін көрсету және басқаларды тыңдау, өз көзқарастарын дәлелдеу және басқа оқушылардың көзқарастары дұрыс болуы мүмкін екендігін мойындау үшін дағдыларды қолданып пікір таласу
- Оқушылар әр түрлі көзқарастарды қолдану үшін рольдік ойынды қолдану.

Географиялық нысандар мен ұғымдарды тікелей зерттеу және тәжірибелік географиялық дағдыларды дамыту үшін аймақтық саяхаттарға шығу.

Оқушыларға проблемаларді түсіну, әр түрлі ұғымдарды қолдану, ең жақсы шешімді талдау және бағалау, оны жүзеге асыру бойынша жоспарлар жасауға мүмкіндік беру, сондай-ақ оқушыларға ынталандыру мен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектесу үшін проблеманы зерттеуді қолдану [3].

Аталған талаптармен мысал ретінде «Географияны оқыту әдістемесі» пәні курсына біз «кіріктірілген білім беру» бағдарламасы ақылы жасаған жұмысымыз үлгісін көрсетіп отырмыз.

Ұсынылып отырған тақырып Биосфера тарауы, Топырақ тақырыбы.

Мақсаты: Топырақ түрлерін, құрамын және таралуын анықтау, құрылымын графикалық түрде көрсету. Оқушыларға салыстыру, қисынды ойлау дағдыларын дамыту.

Қолданылатын құралдар: топырақ үлгілері, шыны стакан, лупа, шыны таяқшалар, пробирка.

Бағдарламаға сәйкес әмбебап мақсаттардың тақырыпта қамтылуы немесе зерттеу әдістерін қолданылатын кезеңдер:

- 1) *Зерттеу мақсаты:* географияның зерттеу нысандарын атау - топырақ жайлы ақпарат беру, топырақты құрушы заттарды талдау, қасиеттерін анықтау.
- 2) *Зерттеу мақсаты:* саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттау, баға беру – Докучаев В.В. туралы мәлімет беру, еңбегіне түсініктеме беру, топырақтану ғылымы туралы түсінік қалыптастыру.
- 3) *Зерттеу мақсаты:* географиялық дерек көздерімен жұмыс істеу (карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар) – тақырыптағы суреттермен, топырақ қимасы суретімен жұмыс атқару қажет, топырақ қимасы арқылы топырақ қабаты өзгерістерді анықтау керек.
- 4) *Зерттеу мақсаты:* географиялық далалық зерттеу әдістерін қолдану, көрсеткіштерді тіркеу, өңдеу: топырақ үлгілерін қолдананып сабақта зерттеу жұмыстарын өткізу. «Менің зерттеуім!» айдарында далалық зерттеу әдістерімен жұмыс жасайды.

Топырақ қалай түзіледі?

Топырақ деген не?
Топырақ тың құрамы қандай?
Тіршілік үшін топырақтың маңызы қандай?
Гумус деген не?
Топырақтың қандай қасиеттері бар?

Топырақ тіршілік үшін маңызы қандай?

Топырақтың құрамында өсімдік өсіп өніп, тамыр жүйесі дамып, өсіп жетіліп, фотосинтез арқылы органикалық заттар түзіліп, халыққа азық-түлік, өндіріске шикізат беруін қамтамасыз етеді. Топырақ дүниежүзіндегі әр елдің басты байлығы, себебі бүгінгі күні адам баласы 98% астам азық-түлікті топырақты пайлану арқылы алады. Топыраққа тигізген зиян азық-түлік өнімділіктің төмендеуі, аштық немесе мемлекеттің кедейлігіне әкеп соқтырады. Топырақ ресурстары жер бетіндегі тіршілікке қажетті ең маңызды алғы шарттардың бірі болып табылады. Топырақ биосфера компоненттерінің бірі адам, жануар, өсімдік үшін қажетті орта болып табылады. Адамдарға азық-түлік пен, жануарларға қоректену үшін қажетті жағдай тек топырақ арқылы жасалынады.

Топырақ деген не? Топырақ жер қабатының ең үстінгі қабатын алып жатқан құнарлы қабаты. Ол үнемі литосфера және атмосфера қабатымен жанасып жатады. Топырақ тірі және өлі табиғаттың өзара әрекеттесуінің нәтижесінде пайда болатын ерекше табиғи дене. Топырақ қабатын педосфера (грекше «педос – аяқ») сферасы деп атайды. Жер бетінде топырақ түрлерінің таралуы климат жағдайларымен тығыз байланысты. Топырақ түрлері экватордан полюстерге қарай зоналар бойынша өзгеріп отырады.

Топырақ неден тұрады?



Мен зерттеушімін!



1-ші тәжірибе. Топырақ үлгісін арнайы пробиркаға салып, үстіне су құямыз. Су қалай өтті? Топырақ түрлерінің кестесін пайдаланып топырақтың механикалық құрамын анықтаңдар.

2-ші тәжірибе. -Ыдыстағы суға аз ғана топырақ саламыз. Не байқадыңыз? Көпіршік байқалды ма?
-Ыдыстағы топырақты араластырамыз. Не өзгерді? Тұнба түзді ме? Ал судың бетінде қалқыған зат бар ма? Қорытынды жасаңыз.

3-ші тәжірибе. -Топырақты арнайы ыдысқа салып, қыздырамыз. Ыдыстың үстіне шыныны ұстаныз. Шыныда тамшы пайда болды ма? Тамшы нені білдіреді?
-Қыздырған кезде топырақтан иіс шықты ма? Егер иіс шыкса, органикалық заттың бар екенін көрсетеді.
Нәтижесін параққа жазып отырамыз.

Топырақтың құрамын анықтау

Нұсқаулық: Топырақтың аз ғана мөлшерін ыдыста езіп алып кішкене домалақ жасап оны ұзын жіп тәрізді формаға келтіріп, дөңгелектейміз. Жасаған жұмысымызды кестемен салыстырып, қорытынды жасаймыз.

№	Топырақ түрі	Шарик	Сақина	Жіп
1.	Сазды	Женіл иленеді	Дөңгелектеніп сақина жасалады	Оңай ұзын жіп тәрізді ұзартылады
2.	Саздауытты	Иленеді	Иленеді, бірақ сақина жарылады	Иленеді, бірақ үзіле береді
3	Құмды	Иленбейді	Жасалмайды	Жасалмайды
4	Құмайт	Иленеді	Жасау мүмкін емес, шықпайды	Жасалмайды

Илеп болған соң оқушылар өз зерттеулерін түсіндіреді.

В

Топырақтың құрылымы қандай?

А горизонты – шөгінді шіріндіге бай кабат (гумус қунарлы қабаты). Бұл кабатта пайда болған органикалық заттардың біразы судың шаюымен төменгі кабатқа өтеді.

В горизонты – шайылу қабаты. Мұнда жоғарғы жақтан шайылып келген минералды заттар жиналады. Бұл кабаттағы топырақтың құрамы да әр түрлі болады.

С горизонты – топырақ пайда болған ең негізгі кабат, яғни аналық жыныс қабаты.



Топырақтың қасиеті → өнімділігі → су өткізгіштігі → жылу өткізгіші → борпылдақ, сыпучая

Сенің кезегің...

1. Топырақ деген не?
2. Топырақтың тіршіліктегі маңыздылығы қандай? 3 факты ақылы сипаттама беріңдер.
3. Топырақ қалай түзіледі? А суретін қолдана отырып әр компоненттердің топырақ құрудағы рөлін анықта?
4. Гумус қандай кабат? Топырақта гумустың түзілуін түсіндір..
5. Көп жаңбыр жауғанда топырақ қабаты қалай өзгереді? Құрамы мен өзгерісін анықтап жаз.
6. Топырақ қимасы сызбанұсқасына талдау жасандар. Маркер арқылы қимадағы топырақ шекараларын сызып көрсетіңдер. Топырақ кабаттары қалай ауысып отыр тұжырымды жаса.
7. Босферадағы топырақтың рөліне баға беріңдер. Өз ойларыңмен бөлісіңдер.
8. В.В. Докучаев топырақты қалай зерттеген?
9. В суретке зерттеудің 6 сұрағына жауап бер (Кім? Не? Қашан? Қайда? Қалай? Не себепті?)

Сабақтың кезеңдері:

1 кезеңде – мұғалім оқушылардан топырақ туралы білгендерін сұрақ -жауап алады. Топырақ құрамын анықтайды. Топырақты зерттеуші ғалымдармен таныс болады. Топырақ зерттеудің маңыздылығын түсінеді.

2 кезең - топырақ үлгілерімен жұмыс жасайды, зерттеулер жүргізеді. Зерттеулер арқылы топырақ қасиеттерін анықтайды.

3 кезең – Топырақтың құрамы мен қасиеттерін біле отырып, олардың табиғатта таралу заңдылықтарына назар аударады. Қима арқылы топырақ қабатының таралу ерекшеліктерін түсіндіреді. Сабақ барысында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде топырақтың қасиеттеріне тоқталады, әр қасиетке талдау жасау арқылы өз өмірлерімен баланыстыра алады.

4 кезең – Тақырыпқа байланысты сұрақтаға жауап жазады.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

Сенің кезегің....

1. Топырақ деген не?
2. Топырақтың тіршіліктегі маңыздылығы қандай? 3 факты ақылы сипаттама беріңдер.
3. Топырақ қалай түзіледі? А суретін қолдана отырып әр компоненттердің топырақ құрудағы рөлін анықта?
4. Гумус қандай қабат? Топырақта гумустың түзілуін түсіндір..
5. Көп жаңбыр жауғанда топырақ қабаты қалай өзгереді? Құрамы мен өзгерісін анықтап жаз.
6. Топырақ қимасы сызбанұсқасына талдау жасандар. Маркер арқылы қимадағы топырақ шекараларын сызып көрсетіңдер. Топырақ қабаттары қалай ауысып отыр тұжырымды жаса.
7. Босферадағы топырақтың рөліне баға беріңдер. Өз ойларыңмен бөлісіңдер.
8. В.В. Докучаев топырақты қалай зерттеген?
9. В суретке зерттеудің 6 сұрағына жауап бер (*Кім? Не? Қашан? Қайда? Қалай? Не себепті?*)

Сабақ ауқымын екі бет көлемінде оқушы оқуға дағдыланбаған, бұл тақырыптыарды оқушылар өз бетімен меңгере алмайды. Бұндай сабақтарды мұғалім басқаруымен оқушыларды бағыттаумен жүргізіледі. Бұл сабақтардың ерекшеліктері оқушылар дағдылардың қалыптасуы, дамытуы, тақырыптарды кең көлемде талдау арқылы меңгерілуі, оқушылар өзара немесе жеке жұмыстарды атқаруға бағыттайды.

Қорыта айтқанда, біздің студент ретінде «Географияны оқыту әдістемесі» пәні курсына «Кіріктірілген білім беру» бағдарламасымен қалай жұмыс атқару және жаңашыл белсенді, интербелсенді әдістерді, сыни тұрғысынан ойлауды үйрендік. Ендігі кезекте осы білімімізді педагогикалық практикада шыңдаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://nis.edu.kz/kz/programs/integ-edu-program/>
2. Жаратылыстану –математика (математика, физика, информатика, химия, биология) пәндері бойынша Кіріктірілген оқыту бағдарламасы (ИОП) – маусым, 2015 ж.
3. Тоқпанов Е.А., Мазбаев О.Б., Увалиев Т.О., Асубаев Б.Қ. Географияны оқыту әдістемесі. Алматы «Эверо» - 2015 ж.

УДК № 502(574)

ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІ: «ТАБИҒАТТЫ-ХАЛҚЫ-ШАРУАШЫЛЫҒЫ»

Сапарбаев Жумабек Суевбаевич

Jumabek_94@bk.ru

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 4 курс студенті, Орал,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - А.А. Тургумбаев

Жайық өзені Евразия құрлығында орналасқан далалық өзен. Жайық – Ресей Федерациясы (Башқұртстан, Челябин, Орынбор облыстары) мен Қазақстан Республикасы (Атырау, Батыс Қазақстан облыстары) жерінен ағып өтетін өзен. Өзен Еуропа мен Азия дүние бөліктерін бөлуші, Орал тауларынан бірге тарихи шекара болып есептеледі.

Көне тарихында Жайық өзені Ликос деп аталды, ал біздің эрамыздың басында Даикс, Даих (Птоломей картасы б.э.д. II ғ.) деп аталды. Әр түрлі замандарда өзеннің әр түрлі аттары болды: Джаих, Руза, Ягак, Ягат, Улусу, Запольная өзені. Яик есімі алғаш рет 1229 жылы орыс жазбаларында кездесті. Өзен жанында өмір сүрген қазақтар, татарлар, башқұрттар және басқа да халықтар өзенді Яик, Джаик, Жайық деп атады. Бұл атаулардың барлығы өзеннің ұлылығын, молдығын, күштілігін білдірді. Орал атауы өзеннің екінші атауы болып табылады, ол өзеннің басы басталатын жері Орал тауының атауынан туған. «Ур» және «ал» сөзбе-сөз «өзен алушы» деп аударылады. Орал және Жайық мағынасы жағынан жақын сөздер. Түркі тілінен аударғанда байтақ, құюшы, өзіне басқа ондаған өзендерді алушы дегенді білдіреді. Екатерина II Емельян Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі туралы пікірді